



**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

2024

Бимашева Ф.Ж.

**ОЙЛАЙМЫЗ ДА, ОЙНАЙМЫЗ
(әдістемелік құрал)**

Ақтөбе қаласы

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

ОЙЛАЙМЫЗ ДА, ОЙНАЙМЫЗ
(әдістемелік құрал)

«Ақтөбе облыстық
әдістемелік орталығы»
баспа бөлімі

АҚТӨБЕ - 2024

Ақтобе облыстық әдістемелік орталығы бөлімінің әдістемелік кеңесінде қарастырылып, баспаға ұсынылды

Құрастырған:

Бимашева Ф.Ж. - Ақтобе қаласы, №32 «Қуаныш» балабақшасының тәрбиешісі

Пікір жазғандар:

М.Т.Мурзагулова, Ақтобе облыстық әдістемелік орталығының әдіскері

А.А.Искендірова, Ақтобе облыстық әдістемелік орталығының әдіскері,
п.ғ.магистрі

Әдістемелік құрал мектепке дейінгі ересек топ тәрбиешілеріне арналған.
Әдістемелік құралдың негізі мектепке дейінгі ересек топ балаларының жас ерекшеліктеріне сәйкес дайындалған, балалар ойындардың әртүрлі әдіс-тәсілдерін меңгеріп, түрлі ойындармен ойнауды үйренеді. Әдістемелік құрал танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша жүзеге асырылады.

КІРІСПЕ

«Ойын бала үшін ойын емес, білім мен тәрбие негізін қалайтын басты құрал»
Ыбырай Алтынсарин

Мектеп жасына дейінгі балалардың жан - жақты дамуы үшін ойынның рөлі ерекше. Ойын баланың барлық қабілетінің, тілінің дамуына, айналасындағы дүниеге жайлы түсініктерінің кеңейуіне, құрбылармен жақындасуына көмектеседі. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, жақсы ұғысады, бірінен - бірі ептілікті үйренеді. Ойын үстінде бала өзін еркін ұстайды, ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы. Сондай - ақ ойын баланың болашақ өміріне есік ашып, оның ізденімпаздық, тапқырлық қабілетін оятады, жеке қасиеттерін қалыптастырады. Ойын кезінде бала айналадағы құбылысты өзінше түсініп, бейнелейді, өзінің күш - жігерін, сезімін білдіруге мүмкіндік тауып, айналадағы қоршаған ортамен қарым - қатынасын нығайтып, адамдардың күнделікті іс - әрекетіне көңіл бөліп, араласа алады. Сондықтан ойынды сабақтан тыс уақытта пайдалану - үлкен нәтиже берері анық. Ойынға тер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, содан үлкен мәнді де мағыналы істер туындап өрбітінін байқаймыз. Әрбір дидактикалық ойынның міндеті әрбір баланың мінез - құлқын анықтап, ұйымдастырып, біртұтас ұжымға біріктіретін әрекет арқылы іске асады. Ол балалардың қызығушылығын тудырып, олардың ойынға деген эмоциялық қатынасын анықтайды. Дидактикалық ойындар қоршаған ортамен таныстыру, математика, тіл дамыту, сауат ашу сабақтарында жиі қолданылады. Дидактикалық ойынның орталығы ойыншықтар мен ойын құралдары. Балабақшада осындай дидактикалық ойындарды жүйелі түрде қолдану арқылы баланың: ақыл - ойын жүйелеу, ойлау қабілеттерін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу, логикалық қабілеттерін дамытуға болады. Себебі, ойынды бар өнердің бастауы деп білеміз. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандарты бойынша балалардың жас ерекшелігі мен жеке мүмкіндіктеріне қарай, олардың негізгі құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігін ескере отыра балалардың көру, есту, қабылдау, есте сақтау, зейіні мен ойлау қабілеттерінің даму барысын анықтауға арналған дидактикалық, дамытушылық ойын - жаттығулар жинағын ұсынамыз.

Мақсаты: Балалардың ой - өрісін, тіл байлығын дамыту, заттарды белгілері бойынша тану, түйсіну, зерттеп салыстыру қабілетін ұштап, сөздік қорын молайту; ізденімпаздық, тапқырлық, байқағыштық, шығармашылық қабілеттерін ояту, қырағылығын, зеректілігін, тапқырлығын, ептілігін арттырып, сезімталдыққа, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ойын түрлерімен таныстыру, балаларға жеткізе білу
2. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру

3. Ойын кезінде бір - біріне деген достық қарым - қатынастарын қалыптастыру
4. Ойындарды балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты қолдану
5. Балалардың ойын кезінде жеңімпаздыққа ұмтылысын тудыру
6. Балалардың өздеріне ұнаған ойынды, рөлді өзі таңдай білуі

Күтілетін нәтиже:

- Балалардың ойын түрлерін біліп, заттарды белгілері бойынша танып, салыстыра білуі.
- Әрбір ойынның шарты болатындығы жайлы түсініктерінің болуы.
- Балалардың өз беттерінше ойынды ұйымдастыра білуі, өз ойларын толық жеткізе білуі, балалармен қарым - қатынаста болып, ойын шартын бұзбай ойнауы.

Тақырыптық жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Бағдарламалық мазмұны	Сағат саны
1	Бұл қай кезде болады?	Ойын арқылы жыл мезгілдерін айыра білуге үйрету. Әр жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін білуге жыл мезгілдерінің өзіне тән құбылыстарын атай білуге баулу, ой- өрістерін тілдерін дамыту.	1
2	Тез ата	Балаларды тез ойлап шапшаң жауап беруге үйрету. Сөздерді дұрыс анық айтуға жаттықтыру. Аңғарымпаздыққа, тапқырлыққа баулу.	1
3	Қалт етпей қағып ал, жауабын тауып ал	Балаларды допты қағып алып берілген сұраққа тез ойланып дұрыс жауап беруге үйрету. Тілдерін ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларды тапқырлыққа тәрбиелеу.	1
4	Не артық	Ойын арқылы балаларды байқағыштыққа аңғарымпаздыққа баулу. Қай заттың не үшін артық екенін түсіндіріп айтып беруге үйрету, заттардың қасиетін анықтауды меңгерту.	1
5	Өз жұбыңды тап	Санды көру, есту және қимыл арқылы қабылдау қабілеттерін дамыту. Өз жұбын шатаспай табуға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.	1
6	Кім шапшаң	Балаларды ойын арқылы кез келген нәрсенің түсін ажырату арқылы жылдамдыққа үйрету және әсем безендіруге баулу.	1
7	Қайсы нені жақсы көреді?	Балаларға түрлі жануарларды көрсете отырып, олардың нені жақсы көретіндерін тауып айтуға үйрету. Баланың ойлау қабілетін дамыту, кейіпкер бейнесін сомдауға баулу.	1
	Көкөністерме	Жемістермен көкөністердің дәмін, пішінін	1

8	И жемістер	Айырмашылығын айта білуге үйрету, сондай-ақ жемістердің қайда көкөністердің қайда өсетінін айыра білуге баулу.	
9	Ғажайып текше	Балаларға текшелегі кейіпкер суреті арқылы ертегі айтып беруге үйрету. Балаларды ойын арқылы байланыстырып сойлеуге, өз ойынан әңгіме құрап айта білуге баулу.	1
10	Дауысынан таны	Жануарлардың дауыстарын айыра білуге үйрету. Есту қабілеттерін дамыту. Ойын арқылы балаларды аңғарымпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.	1
11	Сыңарын тап	Оның-солын ажырата білу, алдына қойылған заттардың сыңарын дұрыс табуға үйрету (мыс, колғап, етік т.б.). Ойын арқылы балаларды аңғарымпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.	1
12	Жер, ауа, су	Ойын арқылы балаларды жер, су және ауада тіршілік ететін аң құстармен таныстыру. Ой өрістерін дамыту. Баланың тапқырлығын, ақыл-ойын жетілдіру.	1
13	Сикырлы сандық	Балаларға сикырлы сандықтың сырын ашуға деген ынтасын ояту. Балалардың ой-өрістерін дамыту, тапқырлыққа тәрбиелеу.	1
14	Ненің төлі	Ойын арқылы балаларға мал және оның төлдері туралы түсініктерін кеңейту. Әр төлдің өзіндік ерекшелігін дауысын айыра білуге үйрету, жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	1
15	Дала және үй құстары	Дала және үй құстарын айыра білуге үйрету. Қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту. Алғырлыққа тәрбиелеу.	1
16	Жаксы-жаман	Балаларды ойната отырып, жаксы және жаман қасиеттерді ажырата білуге баулу. Бір-бірімен достық қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.	1
17	Ойыншықтар дүкені	Ойыншықтардың түрлерін айыра білуге, сүйікті ойыншығы туралы әңгімелеп немесе тақпақ айтып беру үйрету. Ойыншықпен ойнауға деген қызығушылықтарын арттыру.	1
18	Сипаттамасы бойынша тап	Тәрбиешінің сипаттаған затын мұхият тындап табуға үйрету. Сөздік қорларын дамыту. Ойынға деген ықылас –ынтасын арттыру.	1
19	Өз пәтеріне жайғастыр	Үстел үстіндегі суреттерді сәйкесінше өз пәтерлеріне орналастыру. Өз тапсырмасын дұрыс орындағанын дәлелдеуге үйрету.	1
20	Кім зейінді	Тәрбиешінің тапсырмасын тиянақты зейін қойып орындауға үйрету. Ақыл-ой қызметін дамыту. Тиянақтылыққа тәрбиелеу.	1

21	Қоянның үйінде қонақта	Балаларға заттардың түсін, көлемін және геометриялық пішіндерін атау. Қол қимылын, түстерге көңіл аударып жете қабылдауын одан әрі дамыту.	1
22	Айболитке не қажет, салауатқа не қажет?	Балалардың салауатты өмірге дұрыс көз қарастарын қалыптастыру. Дені сау болып өсу үшін шынығуға және емделуге қажет құралдарын танып, ажыратып, пайдалана білуге үйрету.	1
23	Ойлан тап	Ойын арқылы балалардың ақыл- ой қабілеттерін дербес қасиеттерін бақылау. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.	1
24	Қай кейіпкер артық	Балаларға ертегіні көрсете отырып, қай кейіпкер артық екенін анықтап айтып, артық кейіпкер қай ертегіден екенін тапқызу, осылайша ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру.	1
29	Кім қандай машинамен жүреді?	Ойын арқылы балалардың мамандық иелері туралы алған білімдерін бекіту. Қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту. Мамандық иелеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу	1
30	Қайсысы кімдікі?	Ойын ережесін мұқият орындауға үйрету. Тапсырманы дұрыс орындау үшін күш- жігерін жұмылдыру. Өз жетістігіне қуана білуге тәрбиелеу.	1
31	Құмыраның артында тығылған кім?	Құмыраның артында тығылған жануарды денесінің бір бөлігі арқылы табуға үйрету.	1
32	Сиқырлы қалпақтың сырын ашаық	Қалпақтың астындағы затты анықтау. Сиқырлы қалпақтың астындағы зат туралы айта білуге үйрету. Жүйелі сөйлеу қабілеттерін дамыту	1
33	Гүлдер	Ойын арқылы түстер туралы алған білімдерін тексеру. Ашық және салқын түстерді айыра білуге үйрету, әдемілікке тәрбиелеу.	1
34	Суретшінің қатесін тап	Суретшінің қатесін тапқызу арқылы балаларды тапқырлыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу	1
35	Кім қай үйде тұрады	Ойын тапсырмасын дұрыс орындауға үйрету. Танымдық қабілеттерін дамыту. Өзара дұрыс қарым- қатынас жасауға тәрбиелеу	1
36	Қоржындағы затты анықта	Сипап сезу арқылы қоржындағы затты тауып әңгімелеп беруге үйрету. Сөздік қорларын молайту. Сезімталдыққа тәрбиелеу.	1
	Барлығы		36 сағат

№1 Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Бұл қай кезде болады?

Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдерін айыра білуге үйрету. Әр жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін білуге, жыл мезгілдерінің өзіне тән құбылыстарын атай білуге баулу, ой-өрістерін тілдерін дамыту.

Оқу әрекетінің кезеңдері	Педагогтың іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларға күз туралы өлең оқып беру. Берекесін сыйлауға Өлкемізге күз келді Жемістерін жинауға Шақырады біздерді.	Балалар күз туралы өлең тыңдайды. 
Ұйымдастыру, іздестіру	Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеп беру. Балаларды ойын ойнауға шақырамын -Біз бүгін «Бұл қай кезде болады ?» деген ойын ойнаймыз. Әуелі ойынның шартын жақсылап тыңдап алыңдар. Қазір сендерге қолдарыңа түрлі суреттер таратып беремін. Сендер қолдарыңдағы суретті тақтадағы жыл мезгіліне сәйкес екенін айтып жапсырасыңдар және неге сол мезгілге жапсырғандарыңды түсіндіресіңдер. Балаларға суреттерді таратып қай жыл мезгіліне сәйкес екенін сұрап балаларға әңгімелету. Ойын шартын өзгертіп түрлендіріп ойнату. Балалардан жыл мезгілдері туралы білетін өлең тапқатарын сұрау, жұмбақтар жасыру. Жұмбақ: Ақ қар кетіп қар еріп, Сай салаға толады. Айтыңдаршы балалар, Бұл қай кезде болады?	Күз мезгіліндегі өзгерістерді айтады Балалар ойынға қызығушылық танытады . Ойынның шартын тыңдап дұрыс ойнауға тырысады, Суреттерді сәйкестендіріп әңгімелеп береді. Тапқатар айтып, жұмбақтар шешеді.
Рефлексивті түзетушілік	Ойынға жақсы қатысқан балаларды мадақтау. Балалардың ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.	Балалар ойын ойнағанына қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: жыл мезгілдерін атай біледі;

Түсінеді: ойын шартын түсінеді;

Қолданады: суреттерді жыл мезгілдеріне сәйкес қолданады.

№2. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Тез ата

Мақсаты: Балаларды тез ойлап шапшаң жауап беруге үйрету. Сөздерді дұрыс анық айтуға жаттықтыру. Аңғарымпаздыққа, тапқырлыққа баулу.

Оқу әрекетінің кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	 Қызықтыру сәті. Қонаққа қоян келеді. Қоян балалармен амандасады. Өзінің жәй келмегенін балаларға қызықты ойын ала келгенін айтады.	Балалар қоянмен амандасады. Ойынға қызығушылық танытады.
Ұйымдастыру, іздестіру	Қоян: бүгінгі ойнайтын ойынымыздың аты «Тез ата» деп аталады. Мен сендерге әуелі ойын шартын түсіндірейін. Сендер менің қапшығымдағы шыққан затты тез атап оны не үшін пайдалану керек екенін айтасындар. Мысалы, қапшықтың ішінен алма шықты, алма-жеміс, түсі қызыл, алма-жеміс т.б. Кім тез тауып жауап берсе сол балаға сыйлығым бар. Кәне ойынды бастайық. Қоян балаламен ойын ойнайды. Тапқырлықтарын, шапшаңдықтарын бақылау. Ойынға барлық балаларды қатыстырып сөйлетуге тырысу. Балалардың шамасына қарай ойынға жауаптар сұрау. Ойынды шартын бұзбай, жылдам тез тауып, жауап беріп ойнауға үйрету.	 Ойын шартын мұқият тыңдап тез тауып жауап беруге тырысады. Балалар өздерінің тапқырлықтарын көрсетеді.
Рефлексивті түзетушілік	Қоян балалармен ойын ойнағанына шексіз риза екенін айтып, ойынға жақсы қатысқан балаларды мадақтайды. Келесіде бұдан қызық ойын әкелетінін айтып, балалармен	Ойын ойнағандарына қуанады.

	қоштасып, кетеді.	
--	-------------------	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қоянның қапшығындағы затты атай біледі

Түсінеді: аталған зат не үшін қажет екенін түсінеді

Қолданады: сөздерді дұрыс қолданады.

№3. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Қалт етпей қағып ал, жауабын тауып ал.

Мақсаты: Балаларды допты қағып алып берілген сұраққа тез ойланып дұрыс жауап беруге үйрету. тілдерін ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларды тапқырлыққа тәрбиелеу.

Оқу әрекетінің кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларға бүгін жақсы қызықты ойын ойнайтынымызды айтып қызықтыру. Тәрбиешінің қолында доп. 	Балалар қызыға қарайды.
Ұйымдастыру, іздестіру	-Балалар бүгінгі ойнайтын ойынымыздың аты «Қалт етпей қағып ал, жауабын тауып ал» деп аталады. Мен сендерді ойын шартымен таныстырамын. Үйдің ішін аралап, Добым кетті домалап. Қарайды қошакан, Қарайды ботакан. Менің қолымда доп, сендер шеңбер жасап тұрасындар. Мен бір балаға допты лақтырып сұрақ қоямын, ол бала допты қағып алып сұраққа жауап беру керек. Мысалы, мен Далияға допты лақтырып: Балық қайда өмір сүреді?- деймін. Далия: Балық суда өмір сүреді- деп жауап береді. Ойын осылай жалғаса береді. Балаларға допты лақтырып сұрақтар қойғанда олардың	Балалар ойын шартымен танысады. Балалар тез ойланып жауап беруге тырысады.

	кабілеттерін ескеру кажет. Балаларды тез ойланып жауап беруге үйрету.	
Рефлексивті түзетушілік	Тәрбиеші ойынды балалардың бәрі жаксы ойнағандарын айтып мадақтайды. Ойында аса белсенділік көрсеткен балаларды мадақтау.	Балалар ойын ойнап қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ненін қайда өмір сүретінін біледі.

Түсінеді: Ойын шартын түсінеді.

Қолданады: күнделікті өмірде қолданады.

№4. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Не артық?

Мақсаты: Ойын арқылы балаларды байқағыштыққа аңғарымпаздыққа баулу.

Қай заттың не үшін артық екенін түсіндіріп айтып беруге үйрету, заттардың қасиетін анықтауды меңгерту.

Оқу әрекетінің кезеңдері	Педагогтың іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Кел балалар ойнайық Ойнайықта ойлайық Қандай жұмбақ болса да Шешпей оны қоймайық Ойындар әлеміне қош келдіңдер!	Балалар тәрбиешіге назар аударады.
Ұйымдастыру, іздестіру	Бүгінгі ойынымыздың аты «Не артық?» деп аталады. Ең алдымен ойын шартымен таныстырамын. Ойын шарты: столдың үстіне түрлі ойыншық немесе суреттер қойылады. Сол суреттердің ішінен қайсы артық екенін айтып неге артық екенін айтып түсіндіру кажет. Мыс: үй жануарларының ішінен біреуі жабайы аң т.б.балалармен бірге ойынды ойнау, ойынға қатыспай отырған балаларды тарту, әр баланың шамасына қарай ойын тапсырмаларын күрделендіріп немесе жеңілдетіп беру. Артық зат туралы тақпақтар, өлеңдер айтқызу. Барлық балаларды ойынға қатыстыруға тырысу.	
Рефлексивті түзетушілік	Балаларға ойын барысында белсенділік көрсеткендері үшін рахмет айтып, ойынға жаксы қатысқан балаларды мадақтап ойынды аяқтау.	

Күтілетін нәтиже:

Біледі: заттарды ажырата біледі.

Түсінеді: не себепті артық екенін айтып түсіндіреді.

Қолданады: ойынды тақпақтарын тапсырмаларды қолданады.

№5. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Өз жұбыңды тап

Мақсаты: Санды көру, есту және қимыл арқылы қабылдау кабілеттерін дамыту. Өз жұбын шатаспай табуға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру

Оқу әрекетінің кезеңдері	Педагогтың іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларға қонаққа сайқымзақ келеді. Балалармен амандасады.балаларды көргеніне қуанышты екенін айтып, тамаша қызықты ойын әкелгенін айтады.	Балалар сайқымзақпен амандасады.
Ұйымдастыру, іздестіру	Сайқымзақ: ойын ойнаған олар деген бүгін мен сендерге «Өз жұбыңды тап» деген ойын әкелдім. Ойын сендерге ұнаса екен деймін, аты айтып тұрғандай сендер өз жұптарыңды табуларың керек, мен сендерге сандармен соған сәйкес саны бар заттарды таратып беремін. Суреттеріне қарап өз жұптарыңды табуларың керек. Қане ойынды бастайық. Ойынды шартын түрлендіріп ойнау. Сергіту сәті 1,2,3, Ал, қанекей ұш. 4,5,6,7 Мынау ауыл шеті 8,9,10 Ал, қанекей қон. Балаларды ойынға барлығын қатыстыруға тырысу, қызықтыру.	Сайқымзақтың ойынына қызығушылық білдіреді.  Ойын шартымен танысып,шартын бұзбай ойнауға тырысады. Ойын ойнау арқылы Өз білімдерін көрсетеді.
Рефлексивті түзетушілік	Сайқымзақ балалармен ойын ойнағанына қуанышты екенін айтады, ойынға жаксы қатысып	Сайқымзаққа әкелген ойыны үшін рахмет айтып, қоштасады.

	белсенділік көрсеткен балаларды мадақтайды, келесіде қызықты ойындар алып келетінін айтып, балалармен қоштасам.	
--	---	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: 1-ден 5-ке дейін санай біледі.

Түсінеді: тапсырмаларды, ойын шартын түсінеді.

Қолданады: Жұбына сәйкес суреттерді тауып қолданады.

№6. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Кім

Мақсаты:

нәрсенің түсін және әсем



шапшан

Балаларды ойын арқылы кез келген ажырату арқылы жылдамдыққа үйрету, безендіруге баулу.

Оқу әрекетінің кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларға күз туралы өлең оқып беру. Алтын сары қызыл көк Алуан-алуан жапырақ Күзгі бақта күлімдеп Көз тартады атырап. Күзде айнала қандай түске боялады?	Балалар күз туралы өлең тыңдайды, күзде айнала қандай түске боялатынын айтады.
Ұйымдастыру, іздестіру	Балалар бүгін біз ерекше ойын ойнаймыз. Ойынымыз түстерге байланысты. Ойынның аты «Кім шапшан» деп аталады. Ойынның шарты Балаларға тақтаға жеті түс ілінеді. Стол үстінде түрлі суреттер жатады балаларды суреттегі заттардың ішінен түсіне сәйкес етіп тауып қою керек. Балалардың ойынға қызығушылығына қарай ойын шартын түрлендіріп беру. Балаларға түстер туралы өлеңдер оқып беру. Қызыл, сары, көк түсті Міне шарлар көп тіпті. Қане қайсысын таңдайсың, Түсін біліп алғайсың. Ақ қанатты көбелек,	Ойын шартымен танысады. Түстеріне сәйкес суреттерді қойып неліктен қойғанын түсіндіреді. Ойын барысында белсенділік көрсетеді.

	Көк қанатты көбелек, Қызыл қанат көбелек Біздің үйге келе кет.	
Рефлексивті түзетушілік	Балалардан күз туралы жаттаған өлең тапсырмаларын сұрап, ойынға жақсы қатысқан балаларды мадақтау.	Ойын ойындарының құрамы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: түстерді айыра біледі.

Түсінеді: өздеріне берілген тапсырмаларды түсінеді.

Қолданады: суреттерді түстеріне сәйкес тауып қояды.

№7. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Қайсы нені жақсы көреді?

Мақсаты: Балаларға түрлі жануарларды көрсете отырып, олардың нені жақсы көретіндерін тауып айтуға үйрету. Баланың ойлау қабілетін дамыту, кейбір бейнесін сомдауға баулу.

Оқу әрекетінің кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балалардың назарын тәрбиеші өзіне аударады. Балалар қараңдаршы жабулы тұрған не нәрсе екен. Біз бүгін қандай қызық ойын ойнайды екенбіз қарайық.	Балалар жабулы тұрған затқа қызыға қарайды.
Ұйымдастыру, іздестіру	Бүгін ойнайтын ойынымыз «Қайсы нені жақсы көреді» деп аталады. Балалардан өздері нені жақсы көретіндерін сұрап, әңгімелесу. Ал енді мына жабулы тұрған не нәрсе екен қарайық. Мұнда түрлі жануарлармен олардың жақсы көретін тағамдары жатыр сендердің міндеттерің әр жануарға сүйікті тағамдарын тауып беру. Мысалы, маймылға банан т.с.с. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын арқылы балалардың жануарлар туралы қаншалықты білетінін анықтау. Жануарлар туралы өлең оқып беру.	Жаңа ойын шартымен танысады.  Ойынға белсене қатысуға тырысады. Жануарларға жақсы көретін тағамдарын береді.

	Мен балқұмар қорбанбаймын Омартаны аралалаймын Аралар қанша шаксада Балға тоймай оралмаймын.	
Рефлексивті түзетушілік	Балалардан ойындағы жануарлар туралы білетін өлең-тақпақтарын сұрау. Ойынға қатысқан балаларды мадақтау.	Балалар жануарлар туралы тақпақтар айтып береді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: кімнің нені жақсы көретінін біледі

Түсінеді: жануарлар туралы түсініктерін дамыту

Қолданады: ойын атрибуттарын дұрыс қолданады.

№8. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Көкөністер

Максаты: Жемістермен

айырмашылығын айта

жемістердің қайда

білуге баулу.



мен жемістер.

көкөністердің дәмін, пішінін

білуге үйрету, сондай-ақ

көкөністердің қайда өсетінін айыра

Оқу әрекетінің кезеңдері	Педагогтың іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық козғаушылық	Балаларға жұмбақ жасыру. Аспай піскен, қайнамай түскен (Жеміс) Көк ала козым , көгалда жатып семірді (Қарбыз) Жер астында басы, жер бетінде шашы (Сәбіз)	Жұмбақтар шешеді
Ұйымдастыру, іздігіріу	Балалардан қазір қандай жыл мезгілі екенін, күздегі өзгерістерді сұрау. Бүгін біз «Көкөністер мен жемістер» деген ойын ойнаймыз. Мен сендерді әуелі ойын шартымен таныстырамын. Ойын шарты: баланың көзі жұмулы , себетке салынған көкөністер мен жемістерді қолдарына алып, оның дәмін , пішінін, атын атау керек. Жемістер туралы сергіту сәті Алма бакка барайық, Алма жинап алайық,	Ойын шартымен танысады.  Көздерін жұмып, себеттегі көкөністермен

	Ең үлкенін дәмдісін, Әжемізге сыйлайық. Балалардың ойынын бақылау барлық балаларды ойынға тарту.	жемістерді анықтайды.
Рефлексивті түзетушілік	Ойынға жақсы қатысқан балаларды мадақтау. Ойында тапқан жемістер мен көкөністерін жылдам баяндап беру керектігін айту. Келесіде бұдан жақсы ойнауға шакыру.	Ойынды қызыға ойнайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Жемістер мен көкөністерді айыра біледі.

Түсінеді: жемістер мен көкөністер туралы түсініктерін дамыту

Қолданады: дәмін пішінін қайда өсетінін біледі.

№9. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Максаты: Балаларға текшедегі кейіпкер суреті арқылы ертегі айтып беруге
үйрету. Балаларды ойын арқылы байланыстырып сөйлеуге, өз ойынан әңгіме
құрап айта білуге баулу.

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық козғаушылық	Кел, балалар ойнайық Ойнайық та ойлайық. Қандай жұмбақ болса да шешпей оны қоймайық. Балалармен алдыңғы оқу қызметінде қандай ойындар ойнағанымызды еске түсіру.	Балалармен өткен ойындарды еске түсіру.
Ұйымдастыру, іздігіріу	Балаларға бүгін жана ойын ойнайтынымызды хабарлау ойынның аты: «Ғажайып текше» деп аталады . Ойынның шарты: стол үстінде ертегі кейіпкерлері бейнеленген текшелер жатады. Балалар үстел үстінде жатқан текшелерге жақын келіп қалаған текшесін алып қай ертегінің кейіпкері туралы айтып беру керек. Бірінші ертегінің тақырыбын, қандай кейіпкер екенін кейіпкерге өз сөзімен сипаттама беруге жағымды жағымсыз кейіпкерді айыра білуге үйрету. Ойынды балалардың сұрауы бойынша түрлендіріп ойнау.	Балалар жана ойынмен танысады.  Ойын шартын бұзбай ойнауға тырысады. Әр кейіпкер туралы әңгімелеп

	Балалардың барлығын ойынға тарту жолдарына бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу. Толық сөйлем құруға иіс ойын толық айтуға және байланыстырып сөйлеуге үйрету.	бересі
Рефлексивті түзетушілік	Балалардан ойыннан алған әсерлерін сұрау. Балаларды жаңа ертегілерді кибірек тыңдауға шақыру, ойынға жақсы қатысқан балаларды марақтау.	Балалар ойыннан алған әсерлерімен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегі кейіпкерлерін ажырата біледі

Түсінеді: ертегі мазмұнын түсінеді

Қолданады: ертегіге сәйкес кейіпкерлерді қол

№10. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Дауысынан таны.

Мақсаты: Жануарлардың дауыстарын айыра білуге үйрету. Есту қабілеттерін дамыту. Ойын арқылы балаларды аңғарымпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Ойын ойнап, ән салмай Әсер бала болар ма Күміс күлкі күлмей ол Кемеліне толар ма. Ойындар әлеміне қош келдіңдер!	Ойын ойнауға қызығушылық танытады
Ұйымдастыру, іздестіру	Балалар бүтінгі ойынымыз «Дауысынан таны» деп аталады. Балаларды ойын шартымен таныстырамын. Ойынға ұнтаспа қажет. Балалар ұнтаспадағы дауысқа назар аударып, ненің даусы екенін айту керек. Ойын арқылы балаларды жануарлардың, табиғат құбылысының дауысын айыра білуге үйрету. Дауысты айыру үшін тыныштық сақтап зейінді иыталы болуға тәрбиелеу. Сергіту сәті Аю сияқты қорбаңдаймыз Торайға ұқсап томпаңдаймыз Біз қасқырдан қорқамыз Кояндарша жортамыз. Ботакандай бұлтып Лактардай секеңдеп	Балалар ұнтаспадан Түрлі дыбыстарды тыңдау арқылы ненің дауысы екенін анықтайды. Ұнтаспадан зейін қойып тыңдайды. Аңдар мен жануарлардың қимылдарын көрсетеді.

	Түпкілей құтылып Керіктеріне көрілеміз	
Рефлексивті түзетушілік	Балалармен ойынды қорытындылап, ойынға жақсы қатысқан балаларды марақтап, көмекке бұдан жақсы ойнауға шақыру. Ойын әрекетін «Толлар жо!» әнімен аяқтау.	Ойын ойындарының құрылымы «Толлар жо!» әнін орындайды

Күтілетін нәтиже:

Біледі: дауыстарды айыра біледі

Түсінеді: ойын шартын түсініп ойнайды

Қолданады: Ойлау қабілеттерін, жылдамдықтарын көрсетеді

№11. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Сынырын тап.

Мақсаты: Ойын-солын ажырата білу, алдына қойылған заттардың сынырын дұрыс табуға үйрету (мыс, қолғап, етік т.б.)



Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері. Кел балалар тұрайық, Шеңберімізді құрайық. Күлкі көңіл ашалам, Күліп өмір сүрейік Ғажайып сәт: Тобымызға қуыршақ Әйгерім келеді.	Шаттық шеңберіне тұрады Қуыршақ Әйгеріммен амандасалады
Ұйымдастыру, іздестіру	Қуыршақ Әйгерім жабырқау, тәрбиеші неге жабырқау екенін сұрайды. Ол өзінің киімдерінің сынырын таба алмай жүргенін айтып балалардан көмек сұрайды. -Балалар Әйгерімге көмектесеміз бе? Олай болса қане іске кірісейік. Балаларға қолғап, етік, шалбар тағы басқа киімдердің сынырын дұрыс тауып кінгізуге үйрету. Алды- арты, жоғары-томен айыра білуге тапсырмалар беру. Сергіту сәті:	Қуыршаққа көмекке дайын екендерін айтады. Қуыршақ Әйгерімнің киімдерінің сынырын тауып, дұрыс киюге көмектеседі. Заттарды кеңістікке

	Орнымыздан тұрайық Алаканды ұрайық Оңға қарай іліп, Солға қарай іліп Жоғары –төмен қарайық Бір отырып, бір тұрып Орнымызды табайық.	тәрбиешінің нұсқауы бойынша орналастырады.
Рефлексивті түзетушілік	Қуыршақ Әйгерім балаларға різашылығын білдіріп рахмет айтады. Балалар қуыршақ Әйгерімге арнап « Қуыршақ» әнін айтып береді.	Қырышаққа арнап ән орындайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: оң- солын , жоғары-төмен айыра біледі.


Түсінеді: ойынды түсініп ойнайды

Қолданады: ойындағы іс –әрекеттерін күнделікті өмірде қолданады.

№12. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Жер , су, ауа.

Мақсаты: Ойын арқылы балаларды жер, су және ауада тіршілік ететін аң
құстармен таныстыру. Ой өрістерін дамыту. Баланың тапқырлығын, ақыл-ойын
жетілдіру.

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларға жұмбақтар жасыру Бір түкті кілем Бір түксіз кілем Жылт-жылт етеді Жылгадан өтеді Қолмен ұстай алмайсың Көзбен де көре алмайсың Алайда ол болмаса Өмір сүре алмайсың	Балалар жұмбақтар шешеді -жер -су -ауа 
Ұйымдастыру, іздестіру	Балалар бүгінгі ойнайтын ойынымыздың аты «Жер, су, ауа» деп аталады.	Жаңа ойын ойнайтындарына қуанады.

	Ойынның шарты: тәрбиеші допты алып, балаларды шеңбер бойынша тұрғызады. Допты бір ойыншыға лақтырады да, үш сөздің бірін айтады допты қағып алған бала егер «жер» десе бір жануардың атын, «су» десе балықтың атын, «ауа» десе құстың атын атауы керек. Ойын шартын орындай алмай шатасып жәнеде көп тұрып қалған бала өлең такпак айтып береді немесе балалардың шартын орындайды. Сергіту сәті Ауада құстар сияқты ұшамыз Балық сияқты жүземіз Жануарлар сияты жүреміз	Ойын шартын бұзбай ойнауға тырысады. Жерде, суда, ауадағы тіршілік нелерін атайды.
Рефлексивті түзетушілік	Ойын соңында жер, су, ауа бейнеленген қағазға жануарлар, құстар және балықтарды орналастырып шығады.	Жануардарды, балықтарды, құстарды қағаз бетіне орналастырады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Жерде ,суда, ауада нелер тіршілік ететінін біледі

Түсінеді: ойын шартын түсініп ойнайды, күнделікті өмірде қажет екенін
түсінеді.

Қолданады: басқа оқу қызметтерінде қолданады.

№13. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Сиқырлы сандық

Мақсаты: Балаларға сиқырлы сандықтың сырын ашуға деген ынтасын
ояту, балалардың ой-өрісін дамыту, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Балалар шаттық шеңберіне тұрып бір- біріне жақсы тілектер айтады. Тәрбиеші балалардың назарын сиқырлы сандыққа аударалды.	Балалар шаттық шеңберіне тұрып жақсы тілектер айтады.
Ұйымдастыру, іздестіру	Сиқырлы сандық ашылды Ішінен ойын шашылды. Балалар бүгінгі	Сиқырлы сандыққа қызығушылықпен қарайды.

	ойынымыз «Сықырлы сандық» деп аталады. Балалар осы сандықтың ішінен шыққан заттар туралы әңгімелеп берулерің керек. Алынған заттың не үшін керек, пішіні, түсі қандай сол зат туралы өлең – тақпақтар айтып берулеріңе болады. Ойынды ойнау барысында балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету мақсаты көзделеді. Сергіту сәті Орнымыздан тұрайық Алақанды ұрайық Бір отырып, бір тұрып Біз демалып алайық. Ойынға барлық балаларды қатыстыруға тырысу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.	 Ойынды қызығушылықпен ойнайды. Ойын барысында бір-біріне көмектеседі.
Рефлексивті түзетушілік	Балалардан ойыннан алған әсерлерін сұрап, ойынға жақсы қатысқан балаларды мадақтау. Келесіде ойынды бұдан да жақсы ойнауға шақыру.	Балалар ойынның ұнағанын айтады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: заттардың түсін, атын атай біледі.

Түсінеді: не үшін қажет екенін түсінеді

Қолданады: ойын барысында түрлі заттарды қолданады.

№14. Ұйымдастырылған іс-әрекеті

«Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Ненің төлі

Мақсаты: Ойын арқылы балаларға мал және оның төлдері туралы түсініктерін кеңейту. әр төлдің өзіндік ерекшелігін дауысын айыра білуге



үйрету, жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларға үй жануарлары туралы жұмбақтар жасыру. Кішкене ғана бойы бар. айналдырып кінген тоны бар. Жапаңда жур жануар. Үстінде екі тауы бар. Басында екі таяғы бар. Иегінде сакалы бар.	Балалар жұмбақ шешеді  Қошакан  Түйе  Ешкі
Ұйымдастыру, іздестіру	Балаларға жана ойынды хабарлау. Үй жануарлары туралы әңгімелеп беру. Ойын шартымен таныстыру. Тәрбиеші балаларға үй жануарларының еселерін көрсетеді, ал балалар төлдерінің атын атап, қалай дыбыстайтынын айту керек. балаларға ойынның шартын бұзбай ойнауға үйрету. балалардың бәрін ойнатуға тырысу. Балаларға төлдер туралы өлең оқып беру. Кошаканы койдың Қайда калып койдың Бұлтнып тұр бүйірің Қай өрістен тойдың. Секен-секең әй, лак Жүрмін саған кейіп-ак Секірмесең болмайма Секендемей бей уақ. Ботаканы нардың Жарға неге бардың Тірілсеңің дірілдеп	Балалар ойын шартымен танысып, ойын ойнайды. Балалар төлдерді атап, әңгімелеп береді.

	Секіре алмай қалдың. Балалардан төлдер туралы әңгімелеп берудің сұрау.	
Рефлексивті түзетушілік	Балаларды мадақтап ойынға бәрі де жақсы қатысты деп мадақтау.	Ойынды қызығушылықпен ойнағандарын айтады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларын атай біледі

Түсінеді: үй жануарларының не үшін қажет екенін түсінеді

Қолданады: төлдер туралы әңгімелеп береді.

№15. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: дала және үй құстары.

Мақсаты: дала және үй құстарын айыра білуге үйрету. Қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту. Алғырлыққа тәрбиелеу.

Оқу әрекетінің кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балалар шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне жақсы тілектер айтады. балалармен құстар туралы әңгімелесу.	Балалар бір-біріне жақсы тілектер айтады
Ұйымдастыру, іздестіру	Балаларға жаңа ойынды хабарлау. Балаларды ойын шартымен таныстыру. стол үстінде көптеген құстардың суреттері жатады. Балаларға осы құстарды үй және дала құстарын бөлек жинауға тапсырма беріледі. Сергіту сәті Қарлығашқа ұқсайық Қане қанат жазайық Ұшып-ұшып алайық Сосын отыра қалайық. балалар ойының бақылау. балаларға үй құстары мен дала құстарының ерекшеліктерін түсіндіру. Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Құстар табиғатқа сән беретінін, пайдасын айтып түсіндіру. балаларға	Балалар ойын шартын тыңдап, дала құстары мен үй құстарын бөлек жинайды және түсіндіруге тырысады.  Менің атым балақан Сенің атың балапан Балапандар шоқуда Балақандар оқуда Торғай, торғай, торғайсың. Жақын маңға қонғайсың Жем шашайын тойым ал

	құстар туралы тақпақтар мақал-мәтеллер айтқызу. ойын шартын балалардың қызығуына қарай өзгертіп ойнауға болады. Мақал- мәтеллер Аққуды атуға болмайды. Досыңды сатуға болмайды.	сонда аяғға тоңбайсың.
Рефлексивті түзетушілік	Балалармен ойыннан алған әсерлерін сұрап қорытындылау. ойынға жақсы қатысқан балаларды мадақтау.	Ойын ойнағандарына қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: құстар туралы әңгімелеп береді

Түсінеді: құстардың пайдасын түсінеді

Қолданады: құстарға қамқорлық жасайды.

№16. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Жақсы- жаман

Мақсаты: Балаларды ойната отырып, жақсы және жаман қасиеттерді ажырата білуге баулу. Бір-бірімен достық қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың іс- қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Балалармен жақсы-жаман туралы әңгімелесу. Балаларға « Жақсы деген немене, жаман деген немене» өлеңін оқып беру, мазмұнын түсіндіру.	Балалар өлең тыңдайды.
Ұйымдастыру, іздестіру	Балаларға жаңа ойынды хабарлау. «Сықырлы сандықша» ойының шартын түсіндіру. Тәрбиешінің көрсеткен суреттері бойынша жақсы –жаман қасиеттермен, іс-әрекеттерді айырып айту. не себептен ол жақсы және жаман екенін дәлелдеп беруге үйрету. Сергіту сәті: Біз қайырымды баламыз, Тек жақсылық ойлаймыз.	Жаңа ойын ойнайды.  Жақсы жаман қасиеттерді айырып айтады

	Кішілерге камқор боп, Үлкеннің тілін аламыз. Балаларға жақсылық, жамандық туралы мақал- мәтелдер үйрету. Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын Жаманның жамандығын айт, құты қашсын. Жақсыға жақын көп. Жамандар жақсымын деп айқайлайды, Жақсылар жақсымын деп айта алмайды.	Жақсылық, жамандық туралы мақал- мәтелдер үйренеді.
Рефлексивті түзетушілік	Бүгін жақсы жаман қасиеттерді айыра білуге үйрендік, осы ойын арқылы сендер көп нәрсе үйрендіңдер, жақсыға жақын, жаманнан алыс болыңдар, бір-біріңе камқор болыңдар. Балаларды мадақтап ойынды аяқтау.	Ойыннан алған әсерлерімен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: суретке қарап әңгімелеп береді.

Түсінеді: жақсы, жамандықтың не екенін түсінеді.

Қолданады: ойыннан алған әсерлерін өмірде қолданады.

**№17. Ұйымдастырылған іс-
әрекеті «Ойлаймыз да,
ойнаймыз»**

Тақырыбы: Ойыншықтар дүкені

Мақсаты: Ойыншықтардың

түрлерін

айыра білуге, сүйікті ойыншығы

туралы әңгімелеп немесе такпак

айтып беруге үйрету. Ойыншықпен ойнауға деген қызығушылықтарын арттыру



Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Жылулық шеңбері Кел, балалар, күлейік. Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік. Балалар біз бүгін ойыншықтар дүкеніне барамыз. Ойыншықтар дүкенінде қандай ойыншықтар сатылады? Сендер қандай ойыншықтармен ойнайсыңдар? Балалармен әңгімелесу.	Балалар ойыншықтары туралы әңгімелеп береді.
Ұйымдастыру, іздістіру	Балалар міне ойыншықтар дүкеніне келдік. Енді сендерге тапсырма: қыздар мен ұлдардың ойыншықтарын бөліп жинаңдар. Екінші тапсырма: жұмсақ және катты ойыншықтарды бөліп жинау. Үшінші тапсырма: ойыншықтардың түріне қарай берілген белгілері арқылы корша. Балалардың тапсырмаларды орындауларын бақылау. Сергіту сәті: Біздерде бар қуыршақ, Бұзау козы, құлыншақ. Кане бәрің тұрыңдар Ойын- сауық құрыңдар. Ойынды тағы басқа түрлі тапсырмалар беру арқылы түрлендіріп ойнату, балаларға өздерінің жақсы көретін ойыншықтары туралы әңгімелету.	Ойыншықтар дүкеніне келіп түрлі тапсырмаларды орындайды  Өз ойыншықтары туралы әңгімелеп береді.
Рефлексивті түзетушілік	Балаларға ойынды жақсы ойнағандарын айтып, мақтау, мадақтау, жұлдызшалар беру, белсенділіктерін арттыру.	Балалар ойын ойнағандарына қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ойыншықтар түрлерін біледі

Түсінеді: ойыншықтарға ұқыпты қарау керек екенін түсінеді.
Қолданады: ойыншықтар туралы өлең тапқактар айтуды, әңгімелеп беруді

№18. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз» Тақырыбы: Кім зейінді

Мақсаты: Тәрбиешінің тапсырмасын тиянақты зейін қойып орындауға үйрету.
Ақыл-ой қызметін дамыту. Тиянақтылыққа тәрбиелеу

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларды ойынға ұйымдастыру. Балалардың назарын қорапшаға аудару. Бұл қорапшаны кім тастап кетті екен ? қорапшаның ішінен хат шығады.	Балалар назарын қорапшаға аударады.
Ұйымдастыру, іздестіру	Балалар бұл хатты бізге Тапқышбек деген ақылды бала жолдапты. «Саламатсыңдарма, балалар ! Мен сендердің ойындар әлеміне өзімнің ойынымды жіберіп отырмын, сендердің тапқырлықтарын мен зейіндеріңді тексергім келеді». Балалар ойын ойнауға дайынсыңдар ма? Олай болса нен ойын шартымен таныстырамын. Балаларға әртүрлі суреттер мен ойыншықтар көрсетеді. Егер сол суретте жерде жүретін жануар немесе басқа зат болса, жасыл текшені көрсетеді, суға қатысты сурет не ойыншық болса көк текшені көрсетеді. Тәрбиеші балалардың іс-әрекетін мұқият бақылап, кателеспеген, ойынға белсене қатысқан балаларға жалауша, жұлдызшане асықтар үлестіріп отырады.	Тапқышбектің хатын мұқият тыңдап. Ойын шартымен танысады. Текшелерді дұрыс көтеруге тырысады.
Рефлексивті түзетушілік	Ойын соңында берілген заттар саналып, жеңімпаз анықталады. балалардың ойынға белсене қатысқаны үшін мадақтау.	Балалар қанша жұлдызша жинағандарын санап қуанады.

Біледі: сурет бойынша анықтай біледі.
Түсінеді: Ойын шартын түсініп ойнайды.
Қолданады: Текшелерді орынды қолдануға тырысады

№19. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз» Тақырыбы: Қоянның үйінде қонақта.

Мақсаты: Балаларға заттардың түсін, көлемін және геометриялық пішіндерін атау. Қол қимылын, түстерге көңіл аударып жете қабылдауын одан әрі дамыту.

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларға жұмбақ жасыру. Сылдырдан қорқалы Шошынып жортады. Қыста ақ Жазда сұр Бұл қай аң ? Қонаққа ақ қоян келеді. Балалардан не себептен қоянның терісі ақ екенін сұрау.	қоян  Қоян туралы әңгімелеп береді.
Ұйымдастыру, іздестіру	Қоян балалармен амандасып, қыс мезгілі туралы білімдерін тексеріп, білетін тапқактарын сұрайды. Балалар білімдеріне риза болып балаларға қызықты ойын әкелгенін айтады. Ойын шартымен таныстырады: балалар қоянның үйіндегі заттардың түсін көлемін және қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын айту керек. Мысалы, алма дөңгелек қызыл, доп- сары, дөңгелек пішінді т.с.с. Сергіту сәті Көжектерім тұршы Беттеріңді жушы Ну орманға барайық Тамактанып алайық. Қоян :жалмандаған қу түлкі Келіп қапты орманнан Көжектерің қайда?- деп Қуып келді соңымнан.	Қыс мезгілі туралы әңгімелеп, тапқактар айтады. Балалар ойын шартымен танысып, ойын ойнайды. Сергіту сәтін жасайды. Ойынды қызығушылықпен ойнайды.

	Балалардың бәрін ойынға қатыстыру.	
Рефлексивті түзетушілік	Қоян балаларға ойынды жақсы ойнағандары үшін рахметін айтып, мадақтайды.	Балалар ойын ойнағандарына қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Қоян туралы әңгімелей біледі.

Түсінеді: Түс, көлем, пішін туралы түсініктерін қалыптастыру

Қолданады: Қоянның үйіндегі заттарды ойынға қолданады.

№20. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Айболитке не қажет, салауатқа не қажет?

Мақсаты: Балалардың салауатты өмірге дұрыс көз қарастарын қалыптастыру, дені сау болып өсу үшін шынығуға және емделуге қажет құралдарын танып, ажыратып, пайдалана білуге үйрету.

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларға қонаққа кішкентай Қонжық келеді. Ол орман дәрігері Айболиттен келе жатқанын айтады. Балалардан денсаулықты сақтау үшін не істеу керек екенін сұрайды. балалардан тақпақтар сұрайды.	-қонжықпен амандасады.  Денсаулық туралы әңгімелеп береді.
Ұйымдастыру, іздестіру	Қонжық балалардың білімдерін тексеру мақсатында өзінің әкелген ойыны бар екенін айтып, ойын ойнауға шақырады. Ойынның шарты: тақтаға Айболит пен Салауат ал ортасында денсаулықты шынықтыруға және емдеуге байланысты суреттер бейнеленген. Балалар Айболитке емдейтін заттарды, Салауатқа шынықтыру заттарын сызықшамен сызып көрсету қажет. Мысалы, Айболитке дәрумен, Салауатқа секіретін жіп, т. с.с. ойынды түрліше балалардың қызығушылығына қарай шартын өзгертіп ойнаймыз. Сергіту сәті Қорбаңдаған аюдың Құлпынайы көп екен	Денсаулық туралы әңгімелеп, тақпақтар айтады. Балалар ойын шартымен танысып, ойын ойнайды.  Сергіту сәтін жасайды. Ойынды

	Теріп- теріп алайық Қалтамызға салайық. Балалардың бәрін ойынға тарту балаларға денсаулық туралы мақал – мәтелдер үйрету.	қызығушылықпен ойнайды.
Рефлексивті түзетушілік	Қонжық балаларға ойынды жақсы ойнағандары үшін рахметін айтып, мадақтайды.	Балалар ойын ойнағандарына қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: денсаулық туралы әңгімелей біледі.

Түсінеді: Аболит, Салауат туралы түсініктерін қалыптастыру

Қолданады: Қонжықпен ойнаған ойындарын өздері ойынға қолданады.

№21. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Ойлан тап

Мақсаты: . Ойын арқылы балалардың ақыл- ой қабілеттерін дербес қасиеттерін бақылау. ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Кел балалар ойнайық Ойнайық та ойнайық Қандай ойын болса да Ойланып тез ойнайық Балалардан ойнаған ойындарымызды еске түсіру.	Ойнаған ойындары туралы әңгімелеп береді.
Ұйымдастыру, іздестіру	Балалар бүгінгі ойындарымызды бәрі сендердің Ой өрістерің мен тапқырлықтарыңды байқауға арналады. Балаларға жыл мезгілдері, түстер, үй жануарлары мен жабайы жануарлар, пішіндер туралы білімдерін тексеру мақсатында « Қай жыл мезгілі», «Төлін тап», «Не қайда тұрады», неге ұқсайды ойындарын ойнату. Балаларға ойын шартын түсіндіріп, ойынды шартын бұзбай ойнауға үйрету, сөздік қорларын дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету. ойынға сәйкес өлең- тақпақтар айтқызу.	Ойын барысында білетін тақпақтарын айтады.  Балалар ойын шартымен танысып, ойын ойнайды.

	 Сергіту сәті Орнымыздан тұрайық Алақанды ұрайық Жоғары, төмен қарайық. Оңға солға иіліп, Бір отырып, бір тұрып Біз демалып алайық. Балалардың бәрін ойынға қатыстыру.	Сергіту сәтін жасайды. Ойынды қызығушылықпен ойнайды.
Рефлексивті түзетушілік	балаларға ойынды жақсы ойнағандары үшін рахметін айтып, мадақтайды.	Балалар ойын ойнағандарына қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ойнаған ойындарының аттарын атай біледі.

Түсінеді: түс, көлем, пішін туралы түсініктерін қалыптастыру

Қолданады: ойнаған ойындарын өз ойындарында қолданады.

№22. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Қай кейіпкер артық ?

Мақсаты: . Балаларға ертегіні көрсете отырып, қай кейіпкер артық екенін анықтап айтып, артық кейіпкер қай ертегіден екенін тапқызу осылайша ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру.



Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Ерте- ерте ертеде Ешкі жүні келтеде Қырғауыл жүні қызыл екен Құйрық жүні ұзын екен деп не басталады ? Олай болса бүгін ертегі кейіпкерлері бізде қонақта	-ертегі Білетін ертегілерін айтып береді.

Ұйымдастыру, іздестіру	Балалардан қандай ертегілер білетінін сұрау, таныс ертегілерінің 2-3 балаға мазмұнын айтқызу. Балаларды жаңа ойынның шартымен таныстыру: мына суретте бір ертегі және осы ертегіде жоқ кейіпкер жүр, ол қандай кейіпкер және қай ертегінің кейіпкері екенін айтуларын қажет. Сол сияқты ол жағымды немесе жағымсыз кейіпкер екенін ажыратып айтуға үйрету. Сергіту сәті Шалқан ертегісін қимылмен көрсету Ата шалқан екті. Шалқан үлкен болып өсті (қолдарын жоғары көтереді) Ата шалқанды тартты Жұлып алды (отыра қалады) Балалардың бәрін ойынға қатыстыру.	 Балалар ойын шартымен танысып, ойын ойнайды. Сергіту сәтін жасайды. Ойынды қызығушылықпен ойнайды.
Рефлексивті түзетушілік	балаларға ойынды жақсы ойнағандары үшін рахмет айтып, мадақтау.	Балалар ойын ойнағандарына қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:балалар ертегілерді атай біледі.

Түсінеді:ертегінің мазмұнын түсініп айтады

Қолданады: Ойын құралдарын дұрыс қолданады.

№23. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Ұқсасын тап

Мақсаты: . балалардың геометриялық фигуралар туралы түсініктерін қалыптастыру, айналадағы заттардан ұқсас заттарды таба білуге үйрету.ойынға белсенділік көрсетуге тәрбиелеу.



Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Балалармен өткен ойындарды еске түсіру.	Тапқышбекпен амандасады

	Конакка Тапкышбек келеді ол балалармен амандасып кызык ойын алып келгенін айтады, балаларды ойын ойнауға шақырады.	
Ұйымдастыру, іздестіру	Тапкышбек балалардан қандай геометриялық фигураларды білетінін сұрайды. Айналадағы заттардың бәрі бір геометриялық фигураға ұқсайды, олай болса сендер қазір мен көрсеткен геометриялық фигураға қандай заттар ұқсайтынын табуларын керек. Мысалы: төртбұрышты көрсетсем оған есік, терезе, үстел, кітап т.б. Балаларға ойынның шартын өзгертіп ойнату. Заттардың қандай геометриялық фигураға ұқсатынын немесе көп заттардан ұқсас фигураларды топтастыру. Балаларға геометриялық фигураларды дұрыс танып, атауға үйрету, тапқырлыққа баулу, айнала қоршаған ортаны бағдарлай білуге үйрету. Сергіту сәті Дөңгеленіп тұрайық Уықтарды құрайық Айналайық айналайық Киіз үйді құрайық Балалардың бәрін ойынға қатыстыру.	Геометриялық фигураларды айтады такпақтар айтады. Балалар ойын шартымен танысып, ойын ойнайды.  Сергіту сәтін жасайды. Ойынды қызығушылықпен ойнайды.
Рефлексивті түзетушілік	Қоян балаларға ойынды жақсы ойнағандары үшін рахметін айтып, мадақтайды.	Балалар ойын ойнағандарына қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Геометриялық фигураларды біледі.

Түсінеді: Түс, көлем, пішін туралы түсініктерін қалыптастыру

Қолданады: геометриялық фигураларды ойынға қолданады.

№24. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Сипаттамасы бойынша тап

Мақсаты: Бір-біріне ойындағы затты жұмбақтап жасыруға үйрету. Заттардың қасиеті туралы білімдерін жетілдіру, түсіну қабылдау қабілеттерін дамыту.

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларға қонакқа кішкентай сұр қоян келеді. Ол балалардан қазір жылдың қай мезгілі екенін, қандай табиғатта өзгерістер болатынын сұрайды. Көктемде өзінің тонын сұр түске ауыстырғанын айтып. Балаларды ойын ойнауға шақырады.	-қоян  Қоян туралы әңгімелеп береді.
Ұйымдастыру, іздестіру	Қоян балалармен амандасып, қыс мезгілі туралы білімдерін тексеріп, білетін такпақтарын сұрайды. Балалар білімдеріне риза болып балаларға қызықты ойын әкелгенін айтады. Ойын шартымен таныстырады: балалар қоянның үйіндегі заттардың түсін көлемін және қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын айту керек. Мысалы, алма дөңгелек қызыл, доп- сары, дөңгелек пішінді т.с.с. Сергіту сәті Көжектерім тұршы Беттерінді жушы Ну орманға барайық Тамақтанып алайық. Қоян :жалмаңдаған қу түлкі Келіп қапты орманнан	Қыс мезгілі туралы әңгімелеп, такпақтар айтады. Балалар ойын шартымен танысып, ойын ойнайды. Сергіту сәтін жасайды. Ойынды қызығушылықпен ойнайды.

	Көжектерін қайда? - деп Қуып келді сонымнан. Балалардың бәрін ойынға қатыстыру.	
Рефлексивті түзетушілік	Коян балаларға ойынды жақсы ойнағандары үшін рахметін айтып, малақтайды.	Балалар ойын ойнағандарына қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Коян туралы әңгімелей біледі.

Түсінеді: Түс, көлем, пішін туралы түсініктерін қалыптастыру

Қолданады: Коянның үйіндегі заттарды ойынға қолданады

№25. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Менің досым

Мақсаты: Ойын арқылы өзіне дос таңдап оның жақсы қасиеттерін айтып беруге үйрету. Сөздік қорларын дамыту. Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларға достық туралы өлең оқып беру Достық деген таусылмайтын қазына Көктемдеде солып қалар гүл емес Қарамайды ол сыйдың көп пен азына Нағыз достар тіпті сый да тілемес.	Балалар достық туралы өлең тыңдайды.
Ұйымдастыру, іздестіру	Балалармен достық туралы әңгіме жүргізу Балалар бүгінгі ойынымыз да достық туралы «Менің досым» деп аталады. Ойын шарты: балалар шенбер жасап тұрады. Менің қолымда доп бар. қазір мен осы допты кез-келгендеріне лақтырып «сенің досың кім?» деп сұрақ қоямын сендер қағып алып кім екенін айтып онымен қандай жақсы қасиеттері үшін дос екендеріңді айтып берулерін керек. Сергіту сәті Бір, екі үш! Достықта біздің күш! Достармен бірге жүреміз Бірге ойнаймыз күлеміз. Балалардың барлығын ойынға	Дос туралы әңгімелеп, таклактар айтады. Балалар ойын шартымен танысып, ойын ойнайды. Сергіту сәтін жасайды. Ойынды қызығушылықпен ойнайды.

	қатыстыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөздік қорларын молайту мақал- мәтелдер үйрету Жүз соммен болғанша Жүз досың болсын. Доссыз өмір бос. Күлме досқа, келер басқа т. б.	
Рефлексивті түзетушілік	Тәрбиеші балаларға ойынды жақсы ойнағандары үшін рахметін айтып, малақтайды.	Балалар ойын ойнағандарына қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: достық туралы әңгімелей біледі.

Түсінеді: дос туралы түсініктерін қалыптастыру

Қолданады: өз достарына құрметпен қарап тату ойнауға ұмытылады.

№26. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Күншуақ

Мақсаты: Күннің шуағындағы түрлі берілген тапсырмаларды орындауға үйрету. Ойын тапсырмаларын тиісінше орындауға жаттықтыру. Күш жігерін ынтасын ояту.



Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларға жұмбақ жасыру Ақ сандығым ашылды Ішінен жібек шашылды Ол не? Дұрыс айтасындар міне көктем келіп күн бізге мол шуағын шашуда.	-күн
Ұйымдастыру, іздестіру	Балалар бүгінгі ойынымыздың аты «Күн шуағы» деп аталады. ойын шартымен таныстырмас бұрын мен сендермен күн туралы әңгімелескім келеді. Күннің адам үшін маңызы қандай бізге не үшін керек? балалардан сұрап жауап алу. Енді осы күннің шуағындағы тапсырмаларды орындауға дайынсындар ма?	күн туралы әңгімелеп, таклактар айтады. Балалар ойын шартымен танысып, ойын ойнайды.

	1-ші тапсырма «түсіне карай топта» 2-ші тапсырма «кайсы артық» 3-ші тапсырма «кай ертегі?» 4-ші тапсырма «бұл кай кезде болады?» т. б. Сергіту сәті Күн ұйықтайды Күн оянып Жел соқты жанбыр жауды Жанбыр басылды Күн ашылды Айналаға нұр шашылды. Күн шуағына тапсырмаларды балалардың қызығушылығына қарай көбейтуге болады	Сергіту сәтін жасайды. Ойынды қызығушылықпен ойнайды.
Рефлексивті түзетушілік	тәрбеші балаларға ойынды жақсы ойнағандары үшін рахметін айтып, мадақтайды.	Балалар ойын ойнағандарына қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:күн туралы әңгімелей біледі.

Түсінеді:Түрлі тапсырмаларды түсініп орындайды

Қолданады: өз білімдерін ойынға қолданады.

№27. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Кім қандай машинамен жүреді?

Мақсаты: . Ойын арқылы балалардың мамандық иелері туралы алған білімдерін бекіту. Қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту. Мамандық иелеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.



Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларға қонаққа кішкентай жол полициясы келеді. Ол балалардан көшеде жүру ережелері туралы не білетіндерін сұрайды бағдаршам не күшін қажет? Қызыл көзін ашқанда Сынық сүйем баспа алға Сары көзін ашқанда Қарап қалма аспанға Жасыл көзін ашқанда	- Жолда жүру ережесі туралы әңгімелеп береді. Бағдаршам туралы білетіндерін айтып береді

	Өте бергін, жасқанба!	
Ұйымдастыру, іздестіру	Балалар кішкентай полиция бізге қызықты ойын ала келіпті. Балалар сендер қандай көлік түрлерін білесіңдер? Балалардан сұрау,балалар мына мамандық иелерін өз көліктеріне отырғызуларын керек. Мысалы, дәрігерді жедел жәрдем машинасына т.с.с. балаларды жеке –жеке шығарып суреттегі мамандық иелерін өз көлігіне сызықтармен қосу және сол мамандық иесі туралы әңгімелеп беру, балалардың сөздік қорларын молайту. Сергіту сәті Орнымыздан тұрамыз «Қызыл» дегенде Қозғалмаймыз «Сары» дегенде Шапалақтаймыз «Жасыл» дегенде жүреміз. Балалардың бәрін ойынға қатыстыру.	-камаз, автобус, мотоцикл, жүк машинасы т.б.  Балалар ойын шартымен танысып, ойын ойнайды. Сергіту сәтін жасайды. Ойынды қызығушылықпен ойнайды.
Рефлексивті түзетушілік	Кішкентай полиция балаларға ойынды жақсы ойнағандары үшін рахметін айтып, мадақтайды.	Балалар ойын ойнағандарына қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: жолда жүру ережесі туралы әңгімелей біледі.

Түсінеді:Көліктер туралы түсініктерін қалыптастыру

Қолданады: алған білімдерін өздері ойында қолданады.

№28. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Қайсы кімдікі?

Максаты: . Ойын ережесін мұхият орындауға үйрету. Тапсырманы дұрыс орындау үшін күш-жігерін жұмылдыру. Өз жетістігіне қуана білуге тәрбиелеу.



Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларға қонаққа кішкентай қонжық келеді. Ол балалардан көмек сұрай келгенін айтады. -балалар көмектесеміз бе? Олай болса қонжығымшаруанды айта бер , біз көмектесуге дайынбыз.	Балалар қонжықпен амандасады Қонжық туралы әңгімелеп береді. Көмектесуге дайын екендерін айтады
Ұйымдастыру, іздестіру	Қонжық балалармен амандасып, көктем мезгілі туралы білімдерін тексеріп, білетін тапқартарын сұрайды. Балалар білімдеріне риза болып балаларға қызықты ойын әкелгенін айтады. Ойын шартымен таныстырады: балалар қонжық қолындағы заттардың кімдікі екенін тауып беруге көмектесуін сұрайды. Мысалы, сәбіз кімдікі, бал кімге,сүйек кімге т.с. Сергіту сәті Қорбаңдаған аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық Қалтамызға салайық Балалардың бәрін ойынға қатыстыру, белсенділігі аз балаларды ойынға тарту, қызығушылықтарын ояту. Балаларды әңгімелету , тілдерін дамыту.	Көктем мезгілі туралы әңгімелеп, тапқартар айтады. Балалар ойын шартымен танысып, ойын ойнайды.  Сергіту сәтін жасайды. Ойынды қызығушылықпен ойнайды.
Рефлексивті түзетушілік	Қонжық балаларға ойынды жақсы ойнағандары үшін рахметін айтып, мадақтайды.	Балалар ойын ойнағандарына қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:Көктем туралы әңгімелей біледі.

Түсінеді: ойын шартын түсініп ойнайды

Қолданады: Қонжықтың үйіндегі заттарын ойынға қолданады.

№29. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Құмыраның артына тығылған кім ?

Максаты: . Құмыраның артына тығылған жануарды денесінің бір бөлігі арқылы табуға үйрету. Ой- өрістерін дамыту, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу



Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларды ойынға ұйымдастыру. Өткен ойындарды еске түсіру. Балаларға жұмбақ жасыру,жұмбақты шешу үшін мұхият тындау керек екенінүйрету	-балалар ойын ойнауға қызығушылық білдіреді. Жұмбақтар шешеді.
Ұйымдастыру, іздестіру	Балалар бүгін қызықты ойын ойнаймыз. Ойынның аты:» Құмыраның артына тығылған кім». Балаларды ойын шартымен таныстыру. Балалар мына жерде бірнеше құмыраның суреті және құмыраның артына тығылған нәрсенің тек бір бөлігі ғана көрініп тұр. Сол бөлігіне қарап сендер не нәрсе немесе кім екендерін айтуларын керек. Мысалы, қоянның тек құлағы, түлкінің құйрығы т.с.с. Сергіту сәті Көжектерім тұршы Беттеріңді жушы Ну орманға барайық Тамақтанып алайық. Қоян :жалмандаған қу түлкі Келіп қапты орманнан Көжектерің қайда?- деп Қуып келді соңымнан. Ойынның шартын балалардың белсенділігіне қарай өзгертуге	Балалар ойын шартымен танысып, ойын ойнайды.  Сергіту сәтін жасайды. Ойынды қызығушылықпен ойнайды.

	болады. Балалардың бәрін ойынға қатыстыру.	
Рефлексивті түзетушілік	Тәрбиеші балаларға ойынды жақсы ойнағандары үшін рахметін айтып, мадақтайды.	Балалар ойын ойнағандарына қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ойын шартын бұзбай ойнай біледі.

Түсінеді: ойындарын дамыту түсініктерін қалыптастыру

Қолданады: үйренген дағдыларын ойынға қолданады.

30. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Сиқырлы қалпақтың сырын ашайық.

Мақсаты: . Қалпақтың астындағы затты анықтау. Сиқырлы қалпақтың астындағы зат туралы айта білуге үйрету. Жүйелі сөйлеу қабілеттерін дамыту.



Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларды ойынға ұйымдастыру, тәрбиешінің қолында қалпак: Бұл жәй қалпак емес сиқырлы қалпак, осы қалпақтың сырын ашумыз керек.	Балалар қалпакқа қызыға қарайды. қалпак туралы әңгімелеп береді.
Ұйымдастыру, іздестіру	балаларға амандасып, көктем мезгілі туралы білімдерін тексеріп, білетін тақырыптарын сұрайды. Балалар білімдеріне риза болып балаларға сиқырлы қалпақтың сырын ашу үшін қызықты ойын әкелгенін айтады. Ойын шартымен таныстырады: балалар қалпақтың ішіндегі заттардың түсін көлемін және қандай геометриялық пішінге не зат екенін сипап сезу арқылы әңгімелеп айту керек. Мысалы, алма дөңгелек қызыл, доп- сары, дөңгелек пішінді т.с.с. Сергіту сәті Орнымыздан тұрайық	көктем мезгілі туралы әңгімелеп, тақырыптар айтады. Балалар ойын шартымен танысып, ойын ойнайды. Сергіту сәтін жасайды. Ойынды

	Қолды белге қояйық Оңға, солға иіліп Алға артқа еңкейіп Жоғары төмен қарайық Оң аяқпен секіріп Сол аяқпен секіріп Орнымызды табайық. Балалардың бәрін ойынға қатыстыру.	қызығушылықпен ойнайды.
Рефлексивті түзетушілік	тәрбиеші балаларға ойынды жақсы ойнағандары үшін рахметін айтып, мадақтайды.	Балалар ойын ойнағандарына қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Қалпак туралы әңгімелей біледі.

Түсінеді: Түс, көлем, пішін туралы түсініктерін қалыптастыру

Қолданады: Қалпақтың ішіндегі заттарды ойынға қолданады.

№31. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Гүлдер

Мақсаты: Ойын алған білімдерін салқын түстерді әдемілікке



арқылы түстер туралы тексеру. Ашық және айыра білуге үйрету, тәрбиелеу.

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларға гүлдер туралы жұмбақ жасыру. Ақ, көк қызыл, сары Әдемілік сәні Далада өседі Самалмен еседі. Балаларға гүлдер әдемілік символы, оны мейрам күндері жақын адамдарымызға сыйлайтынымызды айтамыз өзіңдерің гүлдердің аттарын білетіндерің сұрау.	-гүл гүл туралы әңгімелеп береді.

Ұйымдастыру, іздестіру	Тәрбиеші балалармен гүлдер туралы әңгімелесіп, гүл туралы білімдерін тексеріп,білетін такпақтарын сұрайды. Балалар білімдеріне риза болып балаларға қызықты ойын әкелгенін айтады.ойын «Гүлдер» деп аталады. Гүлді көрсетіп оның бөліктерін атату. Балалар мына гүлдің жапырағында түрлі тапсырмалар бар біз сол тапсырмаларды орындауымыз керек. Ойын шартымен таныстырады: балалар гүлдің әр бөлігіндегі түрлі тапсырмаларды орындау керек. Мысалы, бірінші жапырағын жұлғанда түстерге байланысты тапсырма болса,келесі жапырағында математикадан болады. Осылайша бірнеше тапсырмалар орындау қажет. Сергіту сәті Өсеміз біз күліп ойнап Он саусақтың саласындай Өсеміз біз күліп ойнап Бір адамның баласындай. Балалардың бәрін ойынға қатыстыру.тапсырмаларды орындауда бір-бірлеріне көмек көрсетуге үйрету.	гүлдер туралы әңгімелесіп, такпақтар айтады. Балалар ойын шартымен танысып, ойын ойнайды. Сергіту сәтін жасайды. Ойынды қызығушылықпен ойнайды.
Рефлексивті түзетушілік	Қоян балаларға ойынды жақсы ойнағандары үшін рахметін айтып, мадақтайды.	Балалар ойын ойнағандарына қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: гүлдер туралы әңгімелей біледі.Түсінеді: балалардың тілдерін дамыту түстер туралы түсініктерін қалыптастыру

Қолданады: ойындағы заттарды ойынға қолданады.

№32. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Суретшінің қатесін тап

Мақсаты: .Суретшінің қатесін тапқызу арқылы балалардың ой-өрісін дамыту. Тапқырлыққа ангарымпаздыққа тәрбиелеу.



Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Балалар ойындар әлеміне қош келдіңдер . бүгін мен сендерге тағы да қызық ойын әкелдім . бұл ойын алдыңғы ойындардан ерекше.	-балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды
Ұйымдастыру, іздестіру	тәрбиеші балалармен амандасып, көктем мезгілі туралы білімдерін тексеріп,білетін такпақтарын сұрайды. Балалар білімдеріне риза болып балаларға қызықты ойын әкелгенін айтады. Ойын шартымен таныстырады: балалар қазір тактаға сурет ілінеді.сендердің міндеттерін суретшінің қатесін табу ол үшін суретке мұқият қарауларың қажет. Тәрбиеші балаларға түсінікті болу үшін бір қателікті тауып көрсетеді, мысалы бақа гілге қонбайды,арыстан суда тұрмайды,қасқыр шөп жемейді т. с.с. Сергіту сәті Жалғыз саусақ тіпті де Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды Жүгіртеді қаламды Өнерлі екенг он саусақ Қала салсақ, жол салсақ Балалардың бәрін ойынға қатыстыру.	көктем мезгілі туралы әңгімелесіп, такпақтар айтады. Балалар ойын шартымен танысып, ойын ойнайды.  Сергіту сәтін жасайды. Ойынды қызығушылықпен ойнайды.
Рефлексивті түзетушілік	тәрбиеші балаларға ойынды жақсы ойнағандары үшін рахметін айтып, мадақтайды. Ойын соңында балалармен қалаған тақырыпта сурет салдыру	Балалар ойын ойнағандарына қуанады.сурет салады

Күтілетін нәтиже:

Біледі:ойнаған ойындары туралы әңгімелей біледі.

Түсінеді:ненің қайда тұратыны туралы түсініктерін қалыптастыру

Қолданады: ойындағы суреттерді өз ойындарында қолданады.

№33. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз ойнаймыз»

Тақырыбы: Кім қай үйде тұрады?

Мақсаты: Ойын тапсырмасын дұрыс орындауға үйрету. Танымдық қабілеттерін дамыту. Өзара дұрыс қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. Құмыраның артына тығылған жануарды денесінің бір бөлігі арқылы табуға үйрету



да,

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Балалар сендер ойын ойнағанды жақсы көресіңдер ме? Олай болса ойындар әлеміне қош келдіңдер осы кезде есік қағылады -бұл кім болды екен? Тәрбиеші балаларға бір құмыра тауып алғанын айтады.	-не Балалар құмыраға таңырқай қарайды
Ұйымдастыру, іздестіру	Балалар осы құмыраның артына біреулер жасырынған сияқты. Кане бірге анықтайық. Содан соң біздің міндетіміз оларды өз үйлеріне орналастыру. Мысалы құмыраның артында тұрған аю болса ол апанда тұрады т.с.с. ойын арқылы үй жануарларымен жабайы аңдардың қайда тұратынын үйрету. Мысалы, қой қорада, тышқан інде т.с.с. Сергіту сәті Қорбаңдаған аюдың Құлпынайы көп екен Теріп-теріп алайық Қалтамызға салайық. Ойын арқылы балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету, бір-бірімен достық қарым-қатынас жасауға	Балалар құмыра артына тығылған кім екенін анықтайды  Сергіту сәтін жасайды. Ойын шартын бұзбай ойнауға тырысады. Ойынды қызығушылықпен ойнайды.

	тәрбиелеу. Жануарлардың тұратын жерлерін есте сақтауға үйрету. Жануарлар туралы тәжірибелер айтқызу. Балалардың бәрін ойынға қатыстыру.	
Рефлексивті түзетушілік	Тәрбиеші балаларға ойынды жақсы ойнағандары үшін рахметін айтып, мадақтайды.	Балалар ойын ойнағандарына қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй және жабайы жануарларды айыра біледі.

Түсінеді: үй және жабайы жануарлар мекені туралы түсініктерін қалыптастыру

Қолданады: ойын ережесін дұрыс қолданады

№34. Ұйымдастырылған іс-әрекеті «Ойлаймыз да, ойнаймыз»

Тақырыбы: Қоржындағы затты анықта
Мақсаты: Сипап сезу арқылы қоржындағы затты тауып әңгімелеп беруге үйрету. Сөздік қорларын молайту. Сезімталдыққа тәрбиелеу.



Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтың қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Тәрбиешінің қолында қоржыны бар. Балалар көңіл-күйлерің қандай? Балалардың көңіл-күйлерін көтеріп ынтымақтастыққа достыққа шақыру.	Балалар өз көңіл-күйлерін білдіреді
Ұйымдастыру, іздестіру	Балала кане ойларымызды жинақтап кезекті ойынымызға дайын болайық. Мен сендерге бүгін өте қызықты «қоржындағы затты анықта» деген ойын алып келдім. Олай болса мен сендерді ойын шартымен таныстырайын қазір мен сендерді шақырып мына қоржынды ұсынамын сендер осы қоржынға қолдарыңды салып ішіндегі затты сипап-сезу	Тәрбиеші қолындағы қоржынға қызыға қарайды

	аркылы анықтауларын кәжет. Қоржындағы затты ұстап оның бірінші қатты жұмсақ екенін содан кейін басқа қасиеттерін анықтауларын кәжет ойын шарты түсінікті болса бастаймыз. ойын шартын түрліше өзгертіп отыруға болады. Сергіту сәті Орнымыздан тұрайық Қане шеңбер құрайық Иілейік оңға Иілейік солға Жоғары төмен қарайық Алға қарай бір қадым Артқа қарай бір қадым Алға, артқа еңкейіп Орнымызды табайық. Балаларды қоржындағы тапқан заттары туралы әңгімелеп беруге үйрету. Балалардың бәрін ойынға қатыстыру.	 Балалар ойын шартымен танысып, ойын ойнайды. Сергіту сәтін жасайды. Қоржындағы заттары туралы әңгімелеп береді Ойынды қызығушылықпен ойнайды.
Рефлексивті түзетушілік	Тәрбиеші балаларға ойынды жақсы ойнағандары үшін рахметін айтып, мадақтайды.	Балалар ойын ойнағандарына қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ойын шартын түсініп ойнай біледі.

Түсінеді: Түс, көлем, пішін туралы түсініктерін қалыптастыру

Қолданады: Қоржындағы заттарды не үшін қолдану керектігін біледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Логика И. Т. Сатыбалдиева Алматы баспасы 2009.
2. Хрестоматия 3-4 жастағы балаларға арналған 2016.
3. Әдістемелік құрал М. И Нүсіпбекова, Ә.Б. Аргымбаева Арман-Пв баспасы 2011.
4. Кел, ойнайық, балалар! Ақжар-АБҚ ЖШС-нің баспасы 7
5. Қуырмаш Алматы 2009.
6. Көңілді жауапқұмар Аруна баспасы.
7. Алғашқы қадам Аруна баспасы 2007.
8. Менің әлемім Аруна баспасы А. Байғабылова 2004.
9. Бушмелева И. Тестовые задания для детей математика 5-6 лет, Москва 2007.
10. Бушмелева И. Губарева И. Логика – тестовые задания для детей, Москва 2007.
11. Долженко Г. Геометриялық фигуралар, Алматы 2008.
12. Жұмаділдаев А. Геометриялық фигуралар, Алматы 2007.

Бимашева Ф.Ж.

ОЙЛАЙМЫЗ ДА, ОЙНАЙМЫЗ
(әдістемелік құрал)



**Әдістемелік құрал автор ұсынған материалдар негізінде
Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының
баспа бөлімінде дайындалып, жүйеге келтірілді.**

**Методическая разработка подготовлена и систематизирована
на основе материалов автора в редакционном отделе
Актюбинского областного методического центра**

**Байланыс телефондары:
8-7132-548624**

e-mail: baspa@aktedu.kz

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы
Ақтөбе қаласы, И.Тургенев көшесі, 86 (3 қабат)

Байланыс телефоны:

8-7132-548624

e-mail: baspa@aktedu.kz